

«Білім алушылардың университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы ахуалды бағалауы» сауалнамасының қорытындысы бойынша анықтама

Ректордың 20.03.2023 жылғы №312 бұйрығына сәйкес «Білім алушылардың университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы ахуалды бағалауы» тақырыбында әлеуметтік сауалнама жүргізілді.

Сауалнаманың мақсаты – білім алушылардың университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы ахуалға қанағаттануын талдау

Сауалнама құралы: аралас сауалнама, сұрақтар саны – 15.

Сауалнама онлайн режимінде «Platonus» ААЖ-да білім алушылардың жеке кабинеттері арқылы жүргізілді.


Мақсатты аудитория: бакалавриат, магистратура және докторантураның білім алушылары.

Сауалнамаға 2805 адам қатысты (білім алушылардың жалпы контингентінің 25%-ы), оның 79%-ы күндізгі бөлімнің білім алушылары және 21%-ы қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы білім алатын күндізгі бөлімнің студенттері.

Сауалнама нәтижелері бойынша сұрақтарға жауап бергендердің басым көпшілігі (97%) «сыбайлас жемқорлық» ұғымымен таныс екендігі анықталды.

Суретте қоғамдағы, жоғары білім беру жүйесіндегі және **Buketov University**-дегі сыбайлас жемқорлық дәрежесіне қатысты студенттердің жауаптарының арақатынасы көрсетілген.

Сыбайлас жемқорлықтың таралуы  
(білім алушылардың пікірі бойынша)



Сауалнама көрсеткендей, респонденттердің 50%-ы университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты туралы хабардар, 32%-ы бұл саясаттан бейхабар, қалған 18%-ы жауап беруге қиналды.

Респонденттердің 60%-ының пікірінше, заңсыз ақшалай немесе өзге де сыйақы берудің себебі оқуға құлықсыздық болып табылады, білім алушылардың 38%-ы бұл пәннің күрделілігіне байланысты деген ой білдірді. Кейбір студенттер мұның бәрі студенттің өзіне байланысты екенін атап өтті, яғни. егер барлық тапсырмалар уақытында орындалып тұрса, ешқандай қиындық туындамайды әрі лайықты баға алуға болады.

## *Сапаны қамтамасыз ету және тәуекелдерді бағалау департаменті*

Осы зерттеу тұрғысында білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бұзылған жағдайда өз құқықтары туралы хабардар болуының маңызы зор: респонденттердің 49%-ы университет сайтында орналастырылған блог арқылы ректорға жүгінуге мүмкіндігі бар екенін білмейді. Әр факультетте респонденттердің жартысына жуығы мұндай мүмкіндік бар екенінен бейхабар.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа қарсы күресте студенттердің белсенділік дәрежесін анықтау үшін «Сіз университетте паракорлықпен күресуге бағытталған қандай да бір әрекет жасадыңыз ба?» деген сұрақ қойылды. Респонденттердің 4%-ы деканатқа хабарласқан болса, респонденттердің 2%-ы университеттің сенім телефонын пайдаланған немесе кафедра меңгерушісіне хабарласқан. Сұраққа жауап берген студенттердің 80%-дан астамы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерін кездестіргендіктен ондай әрекетке барудың қажеті болмағаны туралы айтты.

Студенттердің құқықтары мен мүдделерін шынымен кім қорғайды деген сұраққа білім алушылардың 38%-ы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті таңдады, 37%-ы студенттердің құқықтары мен мүдделерін қорғаудың кепілі ретінде ректорды белгіледі, 34%-ы олардың құқықтарын деканат, 27%-ы – куратор, 23%-ы – кафедра, 15%-ы – Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті, 8%-ы – Әдеп жөніндегі кеңес, 5%-ы – кәсіподақ ұйымы қорғайды деп санайды.

### **Қорытынды:**

1. Университет білім алушылары Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетіндегі сыбайлас жемқорлық деңгейі жалпы қоғамға және жоғары білім беру жүйесіне қарағанда әлдеқайда төмен деп санайды.

2. Сауалнама нәтижелері білім алушылардың университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы ахуалға қанағаттануының жоғары деңгейін көрсетеді: респонденттердің 80%-дан астамы сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар фактілерін кездестірген, олармен байланысты мәселелерді шешу жолдары туралы хабардар; 90%-ы университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайға қанағаттанады.

3. Респонденттердің 90%-дан астамы оқытушылар немесе қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық қысымына тікелей тап болған жоқ, алайда респонденттердің 4%-ы сыбайлас жемқорлықты жеке проблемаларды шешу құралы ретінде қарастырады.

*Нәтижелер қысқартылған нұсқада ұсынылған*